

«Қиял – ғажайып әлемі» бөлімі

«Қарапайым ханшайм» ертегісі

Баяғы бір өткен заманда бір кішкентай шағын қыстақта қарапайым отбасы өмір сүрген. Әкесі шаруа, қолынан өнер тамған ұста болыпты. Оның жалғыз қызы болған екен. Қыз өте әдемі әрі тапқыр және ақылды болса керек. Күндердің бір күнінде сол елдің бір бай адамы қыстақтағы барлық аруларды жинап алып, үлкен сайыс өткізіпті, «жеңіске жеткен аруды осы қыстақтың ханшайымы етемін» деп уәдесін береді. Мұны естіген ұстаның қарапайым әрі жалғыз қызы да қатыспақшы болып, сарайға аттануға бел буады. Алайда, әкесі жар дегенде жалғыз қызын ешқайда жібергісі келмейді. Бірақ, ақылды қызы жеңіске жетемін деп, әкесін көндіріп байдың сарайына жол тартады. Сарайға келіп сайысқа қатысқан қыз, өзінің асқан білімділігі мен тапқырлығын көрсетіп, сайыста алдыңғы қатардан көрініп жеңіске жетеді. Әкесіне берген уәдесін орындаған қыздың қуанышында шек болмады. Сөйтіп, дәулетті бай берген уәдесіне тұрып қызды қыстақтың ханшайымы етеді. Ақылды ханшайым жалғыз әкесін сарайға алдыртып, қарапайым халықпен бақытты күн кешеді.